



БЕКІТЕМІН:

«Дарын» ШҚ ДпҚББДҒӘО директоры

Т. Рахимжанова

2023 ж.

Қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.О. Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңін ұйымдастыру мен өткізу ережелері

I. Жалпы ережелер

1. Берілген Ереже қазақ тілі мен әдебиетінен академик, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі, «Құрмет» орденінің иегері Қ. Бітібаева атындағы республикалық олимпиаданың облыстық кезеңін (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

Олимпиаданың мақсаты – Шығыс Қазақстан облысының дарынды оқушыларын анықтау, дамыту және қолдау көрсету.

Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті бойынша білімдерін жетілдіру мен тереңдету;
- патриотизмді, азаматшылықты дамыту, ұлттық мәдениетке, дәстүрлерге деген құрметті дәріптеу;
- оқушылардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

2. Олимпиаданың ұйымдастырушылары Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасы, Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың Шығыс Қазақстан ғылыми-әдістемелік «Дарын» орталығы (бұдан әрі – «Дарын» ДпҚББД ШҚҒӘО) болып табылады.

II. Олимпиаданы ұйымдастыру комитеті

1. Олимпиаданы өткізу үшін шараны ұйымдастыру-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ететін және үйлестіруді жүзеге асыратын ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) құрылады.

Ұйымдастыру комитеті:

- 1) Олимпиадаға жалпы жетекшілікті жүзеге асырады;
- 2) жыл сайын облыстық кезеңнің өтетін күні мен орнын айқындайды;
- 3) Олимпиаданың өткізу бағдарламасын бекітеді;
- 4) Олимпиаданың қорытындысын шығарады және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;
- 5) Олимпиаданың облыстық кезеңінің қазылар алқасының құрамы мен саны бойынша ұсыныстар енгізеді;
- 6) қазылар алқасының құрамын бекітеді;
- 7) Олимпиаданың қорытындысын сараптайды және талдайды;
- 8) Республикалық ұйымдастыру комитетіне Олимпиаданың облыстық кезеңінің жүлдегерлер тізімін квотаға сай ұсынады.